Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

23 қыркүйек 2025 жыл №4712-25-00-2/3224 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Ақтау қалалық арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
ЖК «Конисбаева»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану,
2) тұрақсыздық айып өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Ақтау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің «Ақтау қалалық арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер ЖК «Конисбаева»-ны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіріп алу туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

ЖК «Конисбаева» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

ЖК «Конисбаева»-дан мемлекет пайдасына 2 535 (екі мың бес жүз отыз бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 2042 (екі мың қырық екі) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Ш.Тленов**

Көшірмесі дұрыс
Тораға **А.Т.Бекболатов**

Анықтама: Шешім заңды күшіне енді «28» қазан 2025 жыл.

Тораға **А.Т.Бекболатов**